

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Тұтынушы келісімшарттарының  
әділетсіз талаптары





## Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңның 2-бөлімі

Бөлім 16 баптан құралған. Ол келісімшарттар мен ескертпелердің әділеттілік туралы жалпы ережелері қандай (62-69 баптар); жалпы ережелер қалай іске асырылады (70-бап); және қосымша ережелер (71-76 баптар) атты тараулардан құралған. Осы бөлім саудагер мен тұтынушы арасындағы келісімдерге қолданылады. Олар әдетте тұтынушылық келісімшарттар деп аталады.

Бөлім ережелері еңбек шарты мен оқу шарттарына қатысты қолданылмайды.

Осы бөлім саудагер мен тұтынушының құқықтары мен міндеттеріне қатысты, сонымен бірге, саудагердің тұтынушы алдындағы жауапкершілігін алып тастау немесе шектеуге байланыста ескертпелерге қолданылады. Ол «тұтынушыға ескертпе» деп аталады. Осы бөлімде «ескертпе» дегеніміз хабарландыруды, жазбаша немесе жазбаша емес, сонымен бірге өзге де хабарлама немесе жоспарланған хабарламаны қамтиды.

### Келісімшарттардың ережелері мен ескертпелердің әділ болуы талаптары

- (1) Тұтынушы келісімшарттың әділ емес ережесі тұтынушыға міндетті емес.
- (2) Әділ емес тұтынушыға ескертпе – тұтынушыға міндетті емес.
- (3) Ол тұтынушы, өзі қаласа, сол ереже мен ескертпеге сүйене алады.
- (4) Ереже әділ емес деп танылады: егер адал ниеттілік талабына қайшы келсе, тұтынушыға зиян келтіру үшін келісімшарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері арасында теңсізке (дисбалансқа) әкелсе.

Нақты ереженің әділ не әділ еместігі келесі жағдайларды ескере отыра анықталады:

- (a) келісімшарттың мәні, және
- (b) ереже келісілген кездегі барлық мән-жайды және келісімшарттың басқа да ережелеріне сілтеме жасай отырып.

(6) Ескертпе әділ емес деп танылады: егер адал ниеттілік талабына қайшы келсе, тұтынушыға зиян келтіру үшін келісімшарт бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері арасында теңсізке (дисбалансқа) әкелсе.

(7) Нақты ескертпенің әділ не әділ еместігі келесі жағдайларды ескере отыра анықталады:

- (a) ескертпенің мәні, және
- (b) оған қатысты құқықтар немесе міндеттемелер пайда болған кезіндегі барлық мән-жайға және онымен байланысты кез-келген келісімшарттың ережелеріне сілтеме жасай отырып.
- (8) Осы бөлім төменде көрсетілген бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелердің (exclusion clauses) қолдануына әсер етпейді —

(a) осы заңның 31 тарауында қарастырылған: Жауапкершілікті алып тастау: тауар келісімшарттары (exclusion of liability: goods contracts),

(b) осы заңның 47 тарауында қарастырылған: Жауапкершілікті алып тастау: сандық контент келісімшарттары (exclusion of liability: digital content contracts),

(c) осы заңның 57 тарауында қарастырылған: Жауапкершілікті алып тастау: қызмет көрсету шарттары (exclusion of liability: services contracts), немесе

(d) осы заңның 65 тарауында қарастырылған: Немқұрайдылық үшін жауапкершілікті алып тастау: (exclusion of negligence liability).

Аталған заңның 2-қосымшасының 1-бөлімінде «тұтынушы келісімшарттарындағы әділетсіз деп танылуы мүмкін талаптардың болжалды әрі толық емес тізімі» келтірілген. Алайда мына төмендегі талаптарды «заңға сай әділдік критерийіне қайшы» деген себеппен жарамсыз деп тануға болмайды: (a) «келісімшарттың негізгі мәні айқындалған» талап; немесе (b) «төленетін бағаның келісімшарт бойынша жеткізілетін тауарлар, цифрлық контент немесе көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі айқындалған» талап.

Саудагер (кәсіпкер) тұтынушы келісімшартындағы «айқын» (яғни «түсінікті тілмен жазылған, ал жазбаша талап болса, жеңіл оқылатын) және «ұғынықты» талаптарға немесе ескертпелерге ғана жүгіне алады.

(i) **тұжырым: Тұтынушылардың құқықтарын қорғау.** Заңда айқындалған бұл ережелер (бұған дейінгі ережелер жиынтығының орнына қолданылады) көптеген «әділетсіз» талаптар мен құқыққа қайшы бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелерді қамтиды. Дегенмен мұндағы қорғау шаралары тек тұтынушыларға ғана қатысты. **Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңға (Consumer**



**Rights Act 2015) сай, тұтынушы деп (қандай да бір компанияны, мемлекеттік органды немесе басқа да заңды тұлғаларды емес) тек «жеке тұлғаны» ғана айтады.** Оған қарсы тарап дегеніміз – тауарлар, цифрлық контент (цифрлық түрде жасалып, жеткізілетін деректер) жеткізетін немесе қызмет көрсететін «саудагер» (кәсіпкер).

«Әділетсіз» талап немесе ескертпе тұтынушыға қарсы, сондықтан жарамсыз деп танылады. Бұл «адалдық қағидасына қайшы келетін талап немесе ескертпе тараптардың келісімшартқа сай құқықтары мен міндеттері арасындағы баланысты айтарлықтай дәрежеде бұзып, тұтынушыға нұқсан келтіретін» жайттарға қатысты. Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңның 2-қосымшасының 1-бөлімінде «тұтынушы келісімшарттарындағы әділетсіз деп танылуы мүмкін талаптардың болжалды әрі толық емес тізімі» келтірілген.

«Әділетті-әділетсіз» екені тексерілмейтін талаптар. Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заң бойынша, төмендегі (a) және (b) тармақтарында көрсетілген талаптарға «қол тигізуге болмайды», яғни оларды заңда айқындалған әділдік критерийіне сай емес деген себеппен жарамсыз деп тануға жол берілмейді. Ол мына талаптар:

(a) «келісімшарттың негізгі мәні айқындалған» талап; немесе

(b) «төленетін бағаның келісімшарт бойынша жеткізілетін тауарлар, цифрлық контент немесе көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі айқындалған» талап.

Алайда аталған заңның 2-қосымшасының 1-бөлімінде көрсетілген тізімге енген талаптарға мұндай «қол тигізбеу/тексермеу» қағидасы қолданылмайды. Келісімшарт талабы (a) және (b) санаттарына жатқан күннің өзінде, ол «айқын және маңызды» болуы тиіс.

(ii) тұжырым: Айқын және белгілі талаптар. Саудагер (кәсіпкер) тұтынушы келісімшартындағы «айқын», яғни түсінікті тілмен жазылған, ал жазбаша талап болса, жеңіл оқылатын ауызша немесе жазбаша талаптарға (немесе ауызша не жазбаша ескертпеге) ғана жүгіне алады. Бұған қоса, талап «белгілі» болу керек. Яғни талап «тұтынушы назарына қатардағы тұтынушылар хабардар болатындай жолмен жеткізілген» жағдайда ғана жарамды болады. Мұндағы «қатардағы тұтынушы» дегеніміз – «қисынға сай жан-жақты хабардар, аңғарғыш әрі алды-артын байқайтын адам». Ауызша немесе жазбаша талаптардың не ескертпелердің барлығы, тіпті «әділетті-әділетсіз екендігі» тексерілмейтін талаптар да айқын болуға тиіс.

Director General of Fair Trading v. First National Bank plc ісін (2002) қараған Лордтар Палатасы 1994 жылғы Ереже талаптарын нақтылай келе (1994 жылғы Ереже де, 1999 жылғы Ереже де IV тұжырымда сөз болған «әділетті-әділетсіз екені тексерілмейтін» талаптарға қатысты қағидаларды қамтыған), тараптар жасасқан келісімшарттағы заңда айқындалған әділеттілік критерийіне сай тексеруге жатпайтын «шектеуші» талаптарға нақты түсіндірме беру керек, әйтпесе аталған заңда қарастырылған қорғау шаралары жарамсыз болып қалады деген шешім шығарған.

Жауапкер банктің стандартты шарттарына сай, сот борышкердің емес, кредитордың пайдасына шешім шығарғаннан кейін, борышкер келісімшартта көрсетілген пайыздық мөлшерлемені төлеуді жалғастыра беруі керек. Ал заңда қарастырылған ережелерге сай, сот шешім шығарғаннан кейін, берешекті келісімшартта көрсетілген пайыздық мөлшерлемеден аз мөлшерде бөліп төлеу керек. Тараптар жасасқан келісімшартта аталған жоғары пайыздық мөлшерлеменің берешек толық өтеліп болғанға дейін сақталатыны айтылған (осылайша, заңға сай қолданылатын әдепкі ережелер келісімшарттан алынып тасталған).

Лордтар Палатасы шығарған шешімге сай, келісімшартта көрсетілген пайыздық мөлшерлемені 1994 жылғы Ережеде айқындалған «әділетсіздік» критерийіне сәйкес тексеру қажет. Дегенмен Лордтар Палатасы аталған келісімшарт талаптарының әділетті болғанын растады.

Ұлыбритания Жоғарғы сотының The Office of Fair Trading v. Abbey National plc ісі (2009) бойынша шығарған шешіміне сай, ағымдағы есепшот бойынша кредиттік лимиттен рұқсатсыз асып түскені үшін салынатын банк алымдарына қатысты 1999 жылғы Ереженің 6(2)(b) талабы қолданылады: ол талап «төленетін бағаның не ақының жеткізілетін тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге сәйкестігіне» байланысты талапқа жатады.

Алайда Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңда аталған сөйлем басқа редакцияда берілген. 1999 жылғы Ережедегі «бағаға» қатысты бірыңғай жағдай туралы ескертпе мынадай редакцияда жазылған болатын: «төленетін бағаның не ақының жеткізілетін тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі». Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңда ол ескертпе былай берілген: «Төленетін бағаның келісімшарт бойынша жеткізілетін тауарлар, цифрлық контент немесе көрсетілетін қызметтерге лайықтығын айқындау». Байқағанымыздай, «лайықты болу» (adequacy) ұғымының орнына



«сәйкестік» (appropriateness) ұғымы қолданылған.

Бірақ «қол тигізбеу/тексермеу» қағидасы қолданылатын санат өзгермеді: атап айтсақ, «бағаның» «әділетті-әділетсіз екенін» тексеруге тыйым салынды. Сондықтан соттардың Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңдағы жоғарыда көрсетілген II тармаққа сай («баға») бірыңғай жағдай туралы ескертпені Жоғарғы сот «ағымдағы есепшот бойынша кредиттік лимиттен рұқсатсыз асып түскені үшін салынатын банк алымдары – тұтынушы келісімшартына сай төленетін «бағаға» (оның бір бөлігіне) жатады, сондықтан оған аталған бірыңғай жағдайлар туралы ескертпе қолданылады» деген шешімін қайта қарауға негіз болады деп таңуы екіталай.

Parking Eye Ltd v. Beavis ісін (2015) қараған Жоғарғы сот сауда орталығына келген көлік жүргізушілері төлейтін 85 фунт-стерлинг мөлшеріндегі тұрақ ақысының тиісті ережеге қайшы келетіні-келмейтіні туралы шешім шығаруға тиіс еді. Мұндай ақыны келісімшарт бойынша рұқсат етілген мерзімді бұзған, яғни тұрақта тегін тұруға бөлінген екі сағаттан ұзақ уақыт тұрған көлік жүргізушілері төлеуге тиіс еді. Іске қатысушы тарап тұрақта рұқсат етілген уақыттан шашамен бір сағат ұзақ тұрған. Айта кетерлігі, бір минутқа болса да ұзақ тұрған көлік жүргізушісі 85 фунт-стерлинг төлеуі керек еді. Жоғарғы сот (судьялардың 6:1 көпшілік дауысымен) аталған талап пен тұрақ ақысы 1999 жылғы Ережеге қайшы келмейді деп шешті. Аталған тұрақ ақысы таңертең ерте жолға шығатын жүргізушілердің (көліктерін тұрақта ұзақ уақытқа қалдырып кететіндерге) көліктерін тұрақта көптеп тастап кетуіне емес, керісінше, көліктерін тұраққа аз уақытқа қалдырып кететіндерге (тұрақта екі сағат бойы тегін тұратын көлік иелеріне) орын босатып қоюға жағдай жасау мақсатында енгізілген. Бұған қоса, көлік тұрағын бақылау-басқару жүйесі операторы қызметін атқарған компания табыс табуы керек еді. Мұның барлығы аталған Ереже талаптарына сай еді.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заң (Consumer Rights Act 2015)